

Бұланды ауданының шекараларында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығын және жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 5С-37/1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 мамырда № 4793 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 ақпандағы № 6С-19/6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 05.02.2018 № 6С-19/6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда – Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 05.12.2016 № 6С-7/8 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі)" кодексінің 386, 444 бабтарына сәйкес, Бұланды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 19.04.2016 № 6С-2/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Бұланды ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының базалық мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемесін он есеге жоғарылатылсын.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 05.12.2016 № 6С-7/8 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс 37-сессияның төрағасы

Е.Қапезов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ш.Құсайынов

КЕЛІСІЛДІ

Бұланды ауданының әкімі

Қ.Испергенов

10 сәуір 2015 жыл

*Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі мемлекеттік кірістер
комитеті Ақмола облысы бойынша
мемлекеттік кірістер департаментінің
Бұланды ауданы бойынша мемлекеттік
кірік басқармасы РММ-нің басшысы*

Д.Әділбеков

10 сәуір 2015 жыл